

Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 11 сәуірдегі "Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан студенттерге әлеуметтік көмек беру Ережелерін бекіту туралы" N 278 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігінің 2007 жылғы 5 наурыздағы N 276 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 13-1-65 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 432 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010.04.16 N 432 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ Заңының 31 бабы 1 тармағы 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі "Қазақстан Республикасы халқын тіркеудің кейбір мәселелері туралы" N 761 қаулысына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 11 сәуірдегі "Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан студенттерге әлеуметтік көмек беру Ережелерін бекіту туралы" N 287 қаулысына (2005 жылғы 10 мамырдағы мемлекеттік тіркеу N 13-1-6), 2006 жылғы 19 сәуірдегі N 583 өзгерістерімен (2006 жылғы 16 мамырдағы мемлекеттік тіркеу N 13-1-41, "Перспектив СК" газетінің 2006 жылғы 22 маусымдағы N 22 саны), мынадай өзгертулер енгізілсін:

Ереженің 4 тармағы 3 тармақшасындағы "отбасының құрамы туралы" анықтама сөздері "азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі" сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Н. Құлжановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен соң он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

Қала әкімі